

МАЗМҰНЫ

ҮНДЕУ.	3
I. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ.	4
1.1. Сапа менеджментінің жүйесі.	5
1.2. Өндірістік жүйенің дамуы.	6
1.3. «Lean Six Sigma» бағдарламасы.	6
II. КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМ.	7
III.ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕКҚАТЫНАСТАРЫ.	8
3.1. Еңбекақы төлеу жүйесі және жұмысшылардың уәжі.	8
3.2. Корпоративтік мәдениет.	10
3.3. Құрамды оқыту және дамыту.	11
3.4. Кәсіподақпен өзара әрекет. Ұжымдық шарт.	14
3.5. Жастар саясаты.	16
IV.ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК.	17
4.1. Апатқа қарсы тұрақтылықты қамтамасыз ету.	17
4.2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясат.	18
4.3. Өндірістік жарақаттану.	20
4.4. Денсаулықты қорғау, кәсіптік ауруларды алдын алу.	20
4.5. Бұқаралық спортты дамыту.	22
V. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ.	23
5.1. Экологиялық менеджмент жүйесі.	23
5.2. Табиғатты қорғау іс-шаралары.	23
5.3. Өндіріс қалдықтарының төмендеуі.	23
5.4. Жерлердің топырақ құнарлығын қалпына келтіру.	24
ҚОРЫТЫНДЫ.	25



Құрметті серіктестіктер, әріптестер!

Сіздердің назарларыңызға Қазақстан-Ресей бірлескен «Богатырь Көмір» Компаниясының жұмысының төртінші әлеуметтік есебін ұсынамын. Оның жариялымы біздің ақпараттық айқындылыққа және ашықтыққа көтерілудің тағы бір маңызды қадамы болатынына көзім анық жетеді. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік – бұл кез келген кәсіпорынның жұмысының маңызды қағидасы.

2013 жылдағы біздің жұмысымыздың нәтижесі біздің қойылған міндеттердің барлығын орындағанымызды сөз етуге мүмкіндік береді. Көмірдің 41,8 миллион тоннасын жүзеге асыра отыра, өндірістің және сауданың тұрақты көрсеткіштерін сақтап қалдық. Қазақстан және Ресей Федерациясының энерго жүйесіне арналған

тауарлардың ең сенімді және тексерілген қамтамасыз етушісінің тартыспен жеткен ұстанымына ие болдық. Бұл – Компанияның жеті мыңдық еңбек ұжымының тәртіпке салынған жұмысының нәтижесі.

Біздің табыстарымыз бен жетістіктеріміз білікті сияқты жас мамандарды да тартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін, жұмыс орындарымен еңбекақы төлеу деңгейінің саясатын жүргізу үшін, жұмысшылардың толық демалысы үшін, сонымен қатар Ұжымдық шартпен кепілдендірілген оларға қосымша жеңілдіктер беруге жағдайларды жақсарту үшін негіз болып табылады. Кәсіпорында талантты, келешегінен зор үміт күттіретін немесе қатты мұқтаж мамандықтарға ие жастарды тарту және бекіту мақсатында 2013 жылдың 1 қазанында жас келешегінен зор үміт күттіретін жұмысшыларға баспана сатып алуға қарыз беру бойынша жаңа Ереже енгізілді.

2013 жылы «Богатырь Көмір», әлеуметтік-бағдарлы кәсіпорын ретінде, әр түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысты. Біздің Павлодар облысындағы және Екібастұз қаласындағы әкімдікпен өзара әрекет жасауымыз, өткен жылдардағыдай, өзіне қоғамдық ұйымдардың қызметін қолдауға, дене шынықтыру және спортты дамытуға, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне, әлсіз аз қамтамасыз етілген жергілікті тұрғындарға көмек көрсетуге қатысты маңызды саясатты енгізетін әлеуметтік серіктестік туралы келісім негізінде құрылды.

Жыл сайын Компания бірнеше Ұлттық жүлделерге қатысады: «Парыз», «Сенім», «Алтын Жүрек». 2013 жылы Компанияға «Lean Six Sigma» әдістемесін енгізгені үшін «Сенім» байқауының «Ең HR-жобасы» аталымы бойынша арнайы жүлде, «Алтын Жүрек» байқауының «Ардагерлерге деген қамқорлық үшін» аталымында диплом табысталды.

Бұл есеп - «Богатырь Көмір» және әр жұмысшысы 2013 жылы немен тыныстағаны, адам өмірінің сапасына және кәсіпорын тұрақтылығына әсер еткен негізгі оқиғалар мен ерліктері жайлы әңгіме. Сондықтан, жоғарыда мазмұндалғаннан қорытынды шығара отыра, Компанияның еңбек ұжымына тиімді және кәсіби жұмысы үшін ризашылығымды білдіргім келеді.

**Виктор Щукин,
«Богатырь Көмір» ЖШС бас директоры.**

I. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ.

«Богатырь Көмір» — ашық тәсілмен көмір шығару бойынша Қазақстандағы ең ірі, серпінді дамыған кәсіпорын. Компанияның үлесіне Екібастұз көмір алыбында шығарылатын көмірдің жалпы көлемінің 63 пайызы келеді.

КӨМІРДІҢ НЕГІЗГІ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ.



- 67,6% — Қазақстан Республикасы
- 32,4% — Ресей Федерациясы

2002 жылы Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар Министрлігімен «Богатырь» және «Северный» кеніштерінің шегінде Екібастұз тас көмір кен орындарын жасауға 45 жыл мерзіммен келісім-шарт жасалды. Кәсіпорын тау кен жұмыстарының өнімділігіне мерзімсіз лицензияға ие.

Компания үнемі көмір шығару тиімділігін арттыруда. Кәсіпорынның болашақтағы даму бағдарламасы жасалды және табысты жүзеге асырылуда.

2013 жылы Компания Қазақстан және Ресей Федерациясының энерго жүйесіне көмірдің 41,8 миллион тоннасын шығарды және артты.

Компанияның құрамына кіреді: «Богатырь» кеніші; Богатырь жүк тиеу көлікті басқармасы; тау-кен көлікті жабдықтарды жөндеу бойынша Зауытты өзіне енгізетін жөндеу бойынша Дирекция, энергиямен жабдықтау бойынша Басқарма, темір жол жабдықтарын жөндеу бойынша Басқарма; Автобаза; Технологиялық Көлік Басқармасы; өзіне әлеуметтік объектілерді енгізетін Әлеуметтік даму басқармасы; Қоғамдық тамақтану комбинаты, Спорттық-сауықтыру кешені, «Жасыбай» демалыс орталығы.

31.12.2013 жылғы жағдай бойынша Компанияда 42 ұлтты 7138 адам еңбек етті, оның ішінде:

- орыс – 48,4 %
- қазақ – 32,3 %
- украиндар – 8,9 %
- немістер – 2,7 %

Жоғары білімді жұмысшылар – 20,4%, орта арнаулы біліммен – 27,2%, орта біліммен – 52,4 %, экономикалық ғылым докторы - 1 адам.

1.1. Сапа менеджментінің жүйесі.

Компанияның дамуында «Сапа менеджментінің жүйесі» ISO 9001 стандартының талаптарына сәйкес, 2006 жылдан бастап сапа менеджментінің жүйесін жасау және енгізу маңызды рөл атқарды. Кәсіпорынды басқару жүйесімен өндірісін, технологиясын дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік берген талаптар, жалпы алғанда, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін ең жоғары сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Көмірді және қиыршық тастарды шығару және тасымалдау, сонымен қатар тау-кен технологиялық жабдықтарды жөндеу сертификация саласы болып табылады.

ISO 9001 және ISO 14001 халықаралық стандарттарын енгізу қамтамасыз етеді:

- Компанияның қызметін жақсартуды;
- клиенттердің қанағаттану дәрежесін көтеруді;
- өнім сапасын көтеруді;
- басқару нәтижелілігін көтеруді;
- құрамның жауапкершілігімен нәтижелілігін көтеруді;
- қоршаған ортаға жауапты қатынастарды бекітуді.

Сапа менеджментінің жүйесі жұмысының тиімділігі жыл сайын «Intertek Moody International» филиалының ЖШС, сертификаттайтын органдармен өткізілетін ішкі тәуелсіз аудиттер, сонымен қатар Компанияның ішкі аудиттері барысында расталады.

2013 жылдың мамырында Компания ISO 9001:2008 стандартының барлық талаптарына сәйкес келетіндігін растаған өзінің сапа менеджменті жүйесінің кезекті бақылау аудитінен табысты өтті.



Компанияда сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін көтеру үшін жыл сайын жүйе талаптарына жұмысшыларды оқыту жүргізіледі. 2013 жылдың 4 тоқсанында, 12 жұмысшы «ISO 9001:2008 мен ISO 19011:2002 сәйкес менеджмент жүйесінің ішкі аудиторы» курсы бойынша, ал 40 жұмысшы — «ISO 9001:2008 стандартының талаптары» курсы бойынша оқытудан өтті.

2013 жылы Компанияда ГОСТ 12.0.230-2007 еңбекті қорғау басқармасының жүйесі, сонымен қатар СТ РК ОHSAS18001-2008 «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі» табысты енгізілді және әрекет етуде.

1.2. Өндірістік жүйенің дамуы.

Бүгін нарық шартында — шығындарды көп мөлшерде төмендету міндеті қойылды. Нарық өндіріс тиімділігінің үнемі көтерілуін талап етеді. Нарық талдауын өткізе отыра, кәсіпорын өз алдына келесі жылға нақты бизнес-мақсаттар қояды — өнімнің өз бағасын төмендету, Компанияның жалпы тиімділігін және еңбек өнімділігін көтеру.

Бірінші кадам — бұл адамдарды дамыту, өйткені біреуге сүйенуге қажет. Компанияда барлық жұмыс істейтіндер төрт топқа бөлінген. Бірінші топ – топ-менеджменттер, екінші — бағыттар бойынша атқарушы аппаратпен құрылымдық бірліктердің басшылары, үшінші — «кайзен»-командалар, қара және жасыл белдіктер, яғни, ол басшылар үшін жаттықтырушы болатын, жаңа жүйенің өзгешелігін және оның дәстүрлі қатынас жасаудан өндірісті ұйымдастыруға айырмашылығын көрсететін эталонды учаскелерді құрайтын адамдар. Төртінші, ең негізгі және бұқаралық топ — мастерлер, бригадирлер және жұмысшылар. Үрдіске барлық топтарды тарту міндеті қойылды, бірақ негізгісі — бұл мастерлермен бригадирлер тобын тарту.

Бірінші кезекте көмір шығару және жөндеу технологияларының барлық түрлері ұсынылған Компанияның белгі алаңдары тандалды. Онда эталонды учаскелердің жүйесі, яғни, дайын өнімнен қызмет көрсету операциясына дейін біздің тапсырыс берушіге керек алмаспайтын ағым құрылды. Өндірістің барлық буынында қандай мәселе бары талқыланды, жалпы мақсаттар мен жалпы міндеттер құрылды.

Есеп беру кезеңінде Компания жұмысшыларымен 1585 «кайзен»-өтініштер берілді, оның ішінде 1074-і жүзеге асты. Берілген және қарауға қабылданған өтініштердің авторлары бекітіліген ережеге сәйкес, сыйақы алды, есеп беру кезеңі бойынша төлем сомасы 2,5 млн-ға жуық тенгені құрады.

«Кайзеннің» айрықша ерекшелігі мынадан құралады: жақсарту бойынша қызмет тікелей жұмыс орындарында жоспарланады және орындалады. Осыған байланысты «кайзен» өндіріс бейнесінің кезеңмен өзгеруі бойынша қызметке құрамды тартудың тамаша құралы болып қызмет етеді. «Богатырь Көмір» ЖШС құрылымдарында 64 АЗ (А үш) жобасы қорғаудан өтті. Расталған экономикалық әсер 114,9 млн.тг құрады. Жоба командаларына қатысушыларға есеп беру кезеңі бойынша төлемдер сомасы 10 млн. тенгені құрады.

Өндірістік жүйе – бұл Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуге, оның ұзақ мерзімді өсуімен бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін қолдауға мүмкіндік жасайтын білім жиынтығын қалыптастырудың, іздену мен құрудың, ең үздік тәжірибелерді таңдау мен енгізудің механизмі. Өндірістік жүйе – бұл қызметкерлердің өзінің күнделікті жұмысын басқаша ойлауға, үнемі тиімділікке ұмтылуға қанаттандыратын философия.

1.3. «Lean Six Sigma» бағдарламасы.

«Lean Six Sigma» бағдарламасы 2011 жылдың наурызында басталды. Бұл өндірілмейтін шығындары жоюға тоғыстырылған «Үнемді өндіріс» және өнім сипаттарының тұрақтылығына және үрдістердің вариабельдігінің төмендеуіне мақсатталған «Lean Six Sigma» сапасын басқарудың жүйесін біріктіретін интегралданған тұжырымдама Бұл тәжірибені енгізе отырып, Компания өндірістік мәселелердің жылдам

шешілуіне, сатылым, маркетинг, коммерциялық ұсыныстардың есебі, баға пайда болуы, тапсырыстарды өндеу, сонымен қатар қаржы және еңбек ресурстарын басқару сияқты үрдістердің табысты реттелуіне сенеді. Қазақстанның көмір өнеркәсібінде жоба алғаш рет енгізілді. Ол жас және мақсатқа ұмтылғыш жұмысшыларға өзінің ашылмаған мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, соның нәтижесінде өзінің кәсіби мансабының биігіне жетуіне мүмкіндік береді.

Тұжырымдама мәні әр үрдістің шығуының сапасының жақсару қажеттілігіне, кемістіктердің аздылығына және операциялық қызметтегі статистикалық ауытқуларға сәйкес келеді. Ол сапаны басқарудың әдісін пайдаланады, оның ішінде, статистикалық, өлшенетін мақсаттар мен нәтижелерді пайдалануды талап етеді, сонымен қатар кәсіпорында мәселелерді жою және үрдістерді жетілдіру бойынша жобаларды жүзеге асыратын арнайы жұмыс тобын құруды болжайды.

Жобаны алғаш енгізгенде оқытудан Компанияның 63 жұмысшысы өтті, оның ішінде 2013 жылы – 23 адам. Енгізуді бастаған кезең бойынша — 72 жоба аяқталды, оның ішінде 2013 жылы – 40 жоба. Жобаларды енгізгеннен жалпы экономикалық әсер 486, 5 млн. тенгені құрады., оның ішінде 2013 жылы – 325,6 млн. тг.

2013 жылы «Lean Six Sigma» әдістемесін енгізу» жобасы «Сенім» республикалық байқауына қатысуға ұсынылды. Кәсіпорында халықаралық тәжірибені қолдану оның жоғары тиімділігімен перспективтілігін дәлелдеді. «HR-менеджерлер ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі оны ең үздік деп таныды және «Богатырь Көмір» ЖШС-ін «Ең үздік HR-жобасы» аталымында «HR-менеджерлер ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің арнайы жүлдесімен марапаттады. Бұл Компания инвестицияны тек көмір өнімін шығару технологиясымен үрдістерді жетілдіруге ғана салуға емес, сонымен қатар кәсіпорынның интеллектуалды әлеуеттің дамуына да салуға өз міндеттерін орындайтынын тағы да растайды.

II. КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМ.

Компания белсенді қатысады:

Еңбек қатынастары саласында Қазақстан Республикасының тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек Министрлігі және Қазақстанның әлеуметтік бағдарлы бизнес-құрылымдары арасындағы Келісімге қосылу жолымен БҰҚ Ғаламдық шартын жылжытуға, өндірістің өсуімен жетілдіруін, ынталандыруға бағытталған экономикалық саясаттағы, көмір саласында жаңа технологияларды енгізудегі, Қазақстан Республикасының жаңа технологиялар және индустрия Министрлігімен, Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібіндегі жұмысшылар Кәсіподағы және Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібіндегі жұмыс берушілер арасында Салалы (тарифті) келісім жасау жолы арқылы оның жұмысшыларының табыстарының өсуіне қатысты әлеуметтік мәселелерді шешуде.

Павлодар облысының Әкімдігімен өзара ынтымақтастық туралы Келісіммен сәйкес, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Компания аймақтың әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға қатысады. Бұл мақсатқа 223,0 млн. тг жұмсалды. Компания адам өмірін жақсартуға бағытталған қалалық әлеуметтік бастамаларды дамытуға және қолдауға, қалалық әлеуметтік бағдарламаларға қатысады.

Қаланың тау-кен муниципалды аймағында келесі жұмыстар атқарылды:

- балалар әткеншектері, төбешіктер, «саңырау құлақтар» және құмдар жасалды және орнатылды – 90 данаға жуық;
- кіші сәулетті пішіндер орнатылды және боялды, жөндеу жүргізілді – 65 дана;
- балалар алаңына қоршау орнатылды және жөндеу жұмысы жүргізілді – 220 м. аса;
- аулаларды жабдықтау үшін қиыршық тастар және елеулер әкелінді – 200 м³аса;
- құмдар әкелінді – 130 м³аса.

Шығынның жалпы сомасы 2,4 млн. тенгені құрады.

2013 жылы № 3 «Зерде» орта мектебінің аумағында демеушілік көмек ретінде құны 22,4 млн. тенге жасанды төсеммен футбол алаңы салынды. Қалалық сурет мектебінің аумағында «Палитра» шағын-бағы құрылды, соның арқасында мектеп оқушылары енді шығармашылықпен тек оқу сыныптарында ғана емес, сонымен бірге таза ауада да айналыса алады.

Қаланың экологиялық жағдайын жақсарту және аймақты жасылдандыру бойынша жұмысы жалғастырылды:

- құрылымдық бөлімшелерде ағаш отырғызу жүргізілді – 2800 дана;
- қала аумағында ағаш отырғызылды – 600 дана;
- гүл отырғызылды – 16000 дана;
- көгал алаңына шөптер егілді – 334 кг.

Жасыл көшеттерді сатып алу шығыны 4,7 млн. тенгені құрады.

Қосымша қалада және құрылымдық бөлімшелердің аумағында Баянауыл Ұлттық табиғи паркінің тәлімбағымен ұсынылған 11200 дана қарағай көшеттерін отырғызу жүргізілді. Қайтарусыз қаланың оқу орындарына өз учаскелерінде отырғызу үшін 1000 данаға жуық қарағай көшеттері жіберілді.

Қайырымдылық көмек көрсету аясында сомасы 14,5 млн. тенгеге жөндеулер жүргізілді.

Қысқы мезгіл басталасымен, өткен жылдағыдай, қалалық саябақта Жаңа жыл мұз қалашығы және мұз пішіндері орнатылды, қысқы мезгіл ішінде шефтік хоккей кортын құю өткізілді.

Жыл сайын Компания қалалық қайырымдылық марафонына қатысады, қаланың және облыстың білім беру, спорт мекемелеріне, қоғамдық қорларға қайтарымсыз көмек көрсетеді. Есеп беру жылында, барлық демеушілік және қайырымдылық көмек сомасы 285,6 млн. тенгеге көрсетілді.

III. ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ.

3.1. Енбекақы төлеу жүйесі және жұмысшылардың уәжі.

Компаниядағы жұмысшылар уәжінің жүйесі өнімділікті ынталандыруға, еңбек сапасына, тиімді қызметке жағдай жасайтын және Компаниядағы стратегиялық мақсатқа жетуге әкелетін барлық қасиеттердің шығармашылығын, орындаушылықты және бастамаларды тануға бағытталды. Екібастұз қаласындағы еңбек нарығында қатаң бәсекелестік жағдайында, құрамды ұстау және тарту үшін уәж, кез келген адамның жұмысына енбекақы төлеу үшін ғана емес, сонымен бірге дәл біздің Компанияда жұмыс істеуге белсенді ынтасы болатындай, өзінің күнделікті қызметінде жоғары нәтижелер алатындай, Компания басшылығына қатынасының адалдығына ынталандыру болатындай жұмысшыларды уәждеу қажет. Уәж жүйесі – бұл Компанияда жұмыс жасайтын, нарық қатынасына, құрамды басқарудың инновациялық әдісіне бейімді және теңбе-тең болу үшін үнемі жетілетін адам құндылықтарына және ішкі қажеттілікке бағытталған арнайы іс-шаралар.

Жұмысшылар уәжінің қағидалары:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сай болу;
- Компанияны дамытудың ұзақ мерзімді жоспарына және стратегиясына сай болу;
- айқындылық;
- әділдік;
- дұрыстық;
- бәсекеге қабілеттілік.

Компания жұмысшыларының еңбек ақысын ұйымдастыру еңбек шартында белгіленген кепілді еңбек ақы мөлшерлерін, тарифтік төлемдерді пайдалану негізінде құрылады және есептік кезең ішінде шындығында өтелген уақытқа байланысты. Одан басқа, негізгі еңбек ақылар түнгі уақыт (22:00-ден 06:00 таңға дейін) үшін қосымша төлемнен, тұрақты сипаттағы ай сайынғы сыйақыдан, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін қосымша төлемдерден, кәсіби шеберлігі және жоғары біліктілігі үшін үстемелерден тұрады. Негізгі еңбек ақының үлесі бірізгілікті төлемді есептеусіз жұмысшылардың орта айлық еңбек ақысының 75 пайызын құрайды. Сонымен қатар еңбек ақы өзіне жұмыстың ағымдағы нәтижелеріне сыйақыларды, кәсіби мерекелерге, мерейтой күндеріне бірізгілікті төлемдерді, өзге де ынталандыратын төлемдерді, қосымшаларды, үстемелерді, ұжымдық шартпен және ҚР заң актісінде қаралған өтемақыларды және әлеуметтік төлемдерді енгізеді.

Кәсіби шеберлігін көтеруді ынталандыру, еңбек сапасы және белгіленген өндірістік тапсырмаларды орындағаны үшін материалды мүдделерін және жауапкершілігін күшейту мақсатында жоғары кәсіби шеберлігі және жоғары біліктілігі үшін тарифтік ақыларға және қызметтік төлемдерге тарифтік ақының, төлемнің 10 мен 50 пайыз арасында дифференциалды үстемелер енгізіледі. Жұмысшыларға мамандықты, қызметті алмастырғаны үшін, аз саны бар жұмысқа, жұмысшының уақытша болмағаны үшін қосымшалар белгіленеді.

Жыл сайын Қазақстан Республикасындағы (Павлодар облысында) инфляция қарқынына сәйкес, статистикалық органдардың мәліметі бойынша тарифтік төлемдеріне және еңбек ақы мөлшеріне индекстеу жүргізіледі. 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап тарифтік төлемдер (еңбек ақылар) Компания жұмысшыларына 6 пайызға өсті, өткен жылғы орта айлық еңбек ақы 128,9 мың тенгені құрады.

Құрамды басқару саясатында, жұмысшылардың уәжінің жүйесінде маңызды орынды сыйақы алады: жөндеудің санды және сапалы көрсеткіштерін орындағаны; технологиялық жабдықтардың өнімділігі; аса маңызды өндірістік тапсырмаларды орындағаны; құрылыстың объектілерін және өндірістік қуаттылықты әрекетке енгізгені; өндіріске шығындарды азайту бойынша ұсыныстар, пайдалылықты көтергені және нәтижелікке жеткені үшін және т.б.

Уәждеу жүйесі жасалған қорытынды негізінде ай сайын талданады, кезеңмен жанарады. Қорытындысында – жұмысшыларды өндірістік еңбекке ынталандыру жүйесі үздіксіз үрдісті ұсынады.

Компанияда нақты нәтижеге көзделген бірыңғай мәдениет қалыптасады. Жұмысшылардың қойған міндеттеріне жетуде өзін өзі жүзеге асыруы, қызығушылығы үшін жағдай жасалады.

Есеп беру жылында алғаш рет ЭКГ-15М №1901, №1902 и ЭКГ-12УСМ № 1603, № 1604 жаңадан алынған экскаваторлардың бригадаларымен өндірістік тапсырмаларды құру туралы Шарт жасалды. Қызметтің нәтижесі бойынша бір жыл ішінде бригада мүшелеріне айлық тарифтік ақылардың 3,3-тен 5-ке дейін мөлшерінде сыйақы төленді. Салтанатты жағдайда алғыс хаттар табысталды және 2014 жылға шарттар жасалды.

Құрамды уәждеу үшін жалпы нәтижесі үшін жеке жауапкершілік сезімін көтеруге 2013 жылдың қыркүйегінде тау-кен көлікті жабдықтарды тиімді пайдалануға, әр жұмыс орнында еңбек өнімділігінің өсуіне бағытталған уақытша «Өндірістік тапсырмаларды орындағаны және еңбек өнімділігін көбейткені үшін Компания жұмысшыларын ынталандыру туралы Ереже» әрекетке енгізілді.

Құрамды басқару, құрамды дамытудың жетекті түрлерін енгізу, орындалатын жұмыстың сапасы мен өнімділігін көтеру мақсатында 2010 жылдан «Богатырь Көмір» ЖШС адам ресурстарын басқару саласында бизнес-үрдістердің ең негізгісі енгізілуде – құрам қызметінің тиімділігіне баға.

Қызмет тиімділігінің бағасы – бұл барлық қызметкерлерді Компания стратегиясын жүзеге асырудың бірыңғай үрдісіне тартуға, сонымен қатар ұйымдастыру мәдениетін дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық құзырдың қажетті деңгейіне сәйкестігі және

қойылған мақсатқа қызметкерлердің жетудің тұрақты мониторингісі және коммуникациясы негізі жатқан ұйымдастырудың тиімділігін үздіксіз көтеру үрдісі.

Қазіргі уақытта басшылармен жұмысшылар арасында кәсіпорын стратегиясына және жұмысшылардың жеткен нәтижелеріне шынайы бағаға бейімделген мақсат қоюда кері байланыс орнатылды. Атқарылған жұмыс Компания мамандарының құзыреттілігінің жоғары деңгейін, өз жұмысына салынған нәтижелерді жақсартуға олардың қолдауын және ұмтылуын, сонымен қатар кәсіпорын дамуына тартылу ниетін әсерлі көрсетті.

3.2. Корпоративтік мәдениет.

Компанияның аса маңызды басымдылығы корпоративті рух құру үшін кәсіпорын дәстүрін енгізу және бекіту болып табылады. «Корпоративті әдептің Кодексі» жалпы жүйенің белгілі элементтерін анықтайтын негізгі құжат болып табылады. Компанияның этикалық ұстанымдарымен стандарттары оның құндылықтарына негізделген, оның ішінде басты орынды адамдарға деген құрмет, сенім, моральды жауапкершілік, ішкі және Компания сыртындағы қатынастағы әділдік, ашықтық, кәсіби шеберлік алады.

Жаңадан қабылдаған жұмысшылардың жақсы бейімделуі мақсатында оларға Компания туралы қысқа мәліметтер, әрекеттегі жеңілдіктер және кепілдер келтірілген жол нұсқаушы брошюрасы беріледі.

Екібастұз тас көмір кен орнының дамуымен танысу үшін және шахтер еңбегін насихаттау мақсатында «Богатырь Көмір» ЖШС-да 2009 жылдың 25 желтоқсанында «Еңбек даңқы» залының ашылуы болды. Бұл оқиға Екібастұз тас көмір кен орнының қалануына 55-жыл толуына арналған мерейтой күнін тойлауға арналды.

«Еңбек даңқы» залының жұмысының негізгі бағыттары көмір өнеркәсібінің ардагерлері туралы естелікті құрметтеуге тәрбиелеу, ұрпақ сабақтастығын сақтау болып табылады.

«Еңбек даңқы» залының экспозициясы Екібастұз тас көмір алыбының даму тарихын жүргізеді және оның дамуының жаңашыл кезеңін, көмір жеткізудің географиясын және өндірістің жетілдіруін көрсетеді. Кәсіпорын дамуындағы жоғары көрсеткіштер экспозициялық материалдар (суреттер, наградалар, мақалалар) куәландыратын жұмысшылардың қатысуымен мүмкін болды. Экспозициядағы маңызды рөл Компанияның әлеуметтік саясатына аударылды.

Жұмысшыларға деген қамқорлық — корпоративті мәдениеттің негізі. Мұндай курс жұмысшылардың тек мүдделеріне ғана емес, жалпы алғанда мақсаттарға да жауап береді. Компания жұмысшыларды ынталандырумен марапаттаудың тек материалды жағын ғана емес, сонымен қатар моральдық жағының да әр түрін белсенді пайдаланады. Кәсіби мерекелерде «Мамандығы бойынша ең үздік» байқаулары өткізіледі, нәтижесінде жеңімпаздар марапатталады.

Жылына бір рет «Жылдың ең үздік тәлімгері» анықталады және байқау өткізіледі, олар сый құрметке ие болады және марапатталады.

Адал еңбегі және жоғары кәсіби ісі үшін жұмысшылар мемлекеттік, ведомстволық, корпоративтік наградалармен және атақтармен марапатталады.

Өткен жылы награда мен атақты 424 адам алды, оның ішінде.:

- «Көмір өнеркәсібінің құрметті жұмысшысы» атағын — 24 адам;
- «Шахтер даңқы» төсбелгісін — 155 адам.;
- «Еңбек даңқы» төсбелгісін — 98 адам.;
- Облыс және қала Мәслихаттары мен Әкімдіктердің Құрмет Грамотасымен және алғыс хаттарымен — 10 адам.;
- Компанияның Құрмет грамоталары — 108 адам.;
- «Богатырь Көмір» ЖШС құрмет тақтасына — 17 адам.

Мемлекеттік наградамен 3 адам марапатталды: «Ерең еңбегі үшін» медалімен (За трудовое отличие) және ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты 1 адам «Облыс алдындағы

еңбегі үшін» белгісін табыстаумен Павлодар облысының әкімімен марапатталды, сонымен қатар Компанияның 8 жұмысшысы «KAZENERGY» құрмет грамотасымен, медалімен, алғыс хатымен марапатталды.

Компания 8 наурыз, Жаңа жыл, «Шахтер күні» кәсіби мерекелеріне және кәсіпорынның мерейтой күндеріне корпоративтік іс-шараларды өткізеді.

Уақтылы және анық кері байланыс алу мақсатында құрамның қанағаттанушылығына сауалдар жүргізіледі. 2013 жылы құрамның қанағаттанушылық деңгейі 80,5 пайызды құрады, ол «жақсы» бағасына сай келеді.

3.3. Құрамды оқыту және дамыту.

Сапалы жоспарлауға, оқу үрдістерінің енгізілуіне және үздіксіз мониторингісіне кешендік тәсілді жүзеге асыру үшін Компания өз жұмысшыларының кәсіби дамуы үшін келесі бағдарламаларды іске асыратын меншікті Оқу-курстық комбинатына ие:

- жаңа жұмыс мамандықтарын дайындау;
- бір мамандықтан екіншісіне қайта дайындау;
- екінші мамандыққа (шектес) оқыту;
- біліктілікті көтеру (категорияны, санатты);
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласында жұмысшыларды оқыту;
- өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында жұмысшыларды оқыту;
- арнайы курстар;
- семинарлар, тренингтер, мастер-кластар.

Оқу-өндірістік қызметті енгізу үшін рұқсат құжаттары алынды, өз бетінше тікелей өндірісте жұмыс мамандықтарының 147 атауы бойынша оқу үрдістерін ұйымдастыруды анықтайтын нормалар, әдістемелік ұсынымдар және нұсқаулықтар жасалды.

Оқу-курстық комбинаты жанынан әдістемелік кабинет, оқу аудиториялары, техникалық кітапхана, автоматтандырылған және көп қызметті кешендер кабинеттері енетін оқу-өндірістік базасы құрылды. Тура құрылымдық бөлімшелерде оқу пунктері жұмыс істеуде. Өндірістік практикадан өту үшін жұмыс орындары құрылды.

Ұстаздар құрамы бас мамандардан (жетекші) және құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан құрылды. Теориялық сабақтармен кеңестер өткізу үшін жыл сайын 260 адамға жуық тартылады. Өндірістік практиканы құрылымдық бөлімшелерде 1000 аса адам болып есептелген тәлімгерлер жүзеге асырады. Есеп беру кезеңінде кәсіби практиканы ұйымдастыру үшін 1013 аттестталған жұмыс орындары ұсынылды.


Кәсіби оқыту біліктілік талаптарын, оқу тәртіптерінің көлемін және келесі формалары бойынша оқу шараларын ұйымдастыруды есептеумен Әдістемелік кабинетпен әзірленген оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асады: жаңа жұмыс мамандықтарын дайындау; бір мамандықтан екіншісіне қайта дайындау; екінші мамандыққа (шектес) оқыту; біліктілікті көтеру (категорияны, санатты). Оқу бағдарламалары курстық, жеке және оқытудың инновациялық әдістерімен іске асады.




Оқу-курстық комбинатының Әдістемелік Кабинетімен Компанияның бас маманымен бірлесіп, 100-ден аса оқу бағдарламалар және жоспарлар әзірленді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік, қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмысшылардың білімдерін тексеруге және оқытуды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерін орындауға кешендік модульді тәсілді анықтайтын және оқу жобаларын жоспарлау және жүзеге асыру үшін, құрамның дайындық деңгейін талдауға өткізу үшін мүмкіндік беретін білімдерін тексеруді және нұсқаулықты, оқытуды өткізудің бірыңғай тәртібі орнатылды.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудың модульді жүйесі



Еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудың негізін құрайтын жүйелер:



Оқыту бағдарламалары өзіне дәріс сабақтарын, практикалық дайындықты және дистанциялық оқытуды енгізеді.

«Богатырь Көмір» ЖШС тұрақты әрекет ететін емтихан комиссиясы Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілері талаптарының көлемінде, өндірістің өзгешелігін ескеретін еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында жұмысшылардың білімдерін кешендік тексеруінің ұстанымдарымен басшылық етеді.

Жыл сайын осы оқу жобаларын іске асыру аясында Компания жұмысшыларының 90 пайызы білім тексерісінен және оқытудан өтеді.

Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация Министрінің Бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасының аумағында сияқты, халықаралық қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлікті құралдардың жүргізушілерін дайындаудың арнайы курстары іске асырылады.

2012 жылдың қыркүйегінде, «Самұқ-Қазына» АҚ қолдауымен, Компанияда кәсіби оқытудың дуалды жүйесін енгізу жобасы бастау алды. Әлеуметтік серіктестік ретінде Қ. Пішембаев атындағы № 18 Екібастұз колледжі таңдалды. Оқу ұйымымен бірлесіп жұмыс мамандығы анықталды: «жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу электрослесарі» және 18 оқушыдан тұратын топ құрылды.

Бүгінгі күні сырттай оқыту түрі бойынша 279 жұмысшылар оқытылуда, олардың ішінде жоғары оқу орындарында – 175 адам, колледждерде – 104 адам.

Соңғы үш жыл ішінде Компанияның оқытылған құрамының 56 пайыздан 90 пайызға дейін өсудің оң динамикасы бақылануда.

Кадрлық резерв 2013 жылдың қыркүйегінде қалыптасты. Басшылық қызметке ұсыну үшін 59 адам енген жұмысшылар тізімі және линиядағы басшылар қызметіне ұсыну үшін 114 адам енген жұмысшылар тізімі бекітілді. Резерв тізімінен басшылық қызметке 8 қызметкер тағайындалды.

Оқу орындарымен әлеуметтік серіктестік аясында ұзақ мерзімді Келісімге қол қойылды: тау-кен, темір жол және автомобильді бағдар мамандарын дайындау жүргізілетін базасында Екібастұз политехникалық колледжімен, Екібастұз №18 кәсіптік

лицейімен, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетімен, Екібастұз инженерлі-техникалық институтымен.

Қызметкерлердің біліктілігін көтеруге және оқытуға көп көңіл бөлінеді. «Богатырь Көмір» ЖШС жұмысқа тау-кен, темір жол, автомобильді, техникалық бағдардың талантты және жас дарынды мамандарын тарту мақсатында «Оқу орындарының түлектерін қабылдау және жұмысқа орналастыру туралы» Ережесі әрекет етуде, Компания үшін қатты тапшыл мамандардың тізімі бекітілді және жеңілдіктер қаралды. Жас мамандармен 5 жыл мерзімімен еңбек шарты жасалады, жұмыс орнына жолақысы, көтермелер төленеді, баспана төлеуге шығындардың орны толтырылады. Сонымен қатар баспана сатып алуға пайызсыз қарыз беріледі.

Құрамның біліктілігі үнемі көтеріледі. 2013 жылға жұмыс істейтін құрамның 48 пайызы жоғары және орта арнаулы білімі бар.

3.4. Кәсіподақпен өзара әрекет жасау. Ұжымдық шарт.

Компания әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша жүйелі іс-шараларды іске асыра отыра, еңбек ұжымында тұрақты әлеуметтік қалыптың сақталуына ерекше көңіл бөледі. Кәсіпорын әлеуметтік серіктестік ұстанымына негізделген кәсіптік одақпен өзара әрекетті дамытады және қолдайды.

Кәсіподақпен өзара әрекет жасау келесі деңгейлерде орнатылады:

- салалы – көмір саласындағы жұмысшылар кәсіподағының орталық органымен;
- аймақтық – кәсіподақтың аймақтық органымен;
- кәсіпорын деңгейінде – бастапқы кәсіподақтық құрылыммен.

«Богатырь Көмір» ЖШС индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің, көмір өнеркәсібіндегі жұмысшылардың Кәсіподағымен және Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібінің Жұмыс берушілерімен арасындағы Салалы (тарифтік) келісімнің қатысушыларының бірі болып табылады.

2011 жылдың 10 маусымында конференцияда қабылданған және Екібастұз қаласындағы Мемлекеттік еңбек инспекциясы бөлімінде тіркелген әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу бойынша Компанияның әкімшілігі және еңбек ұжымы арасындағы 2011-2014 жылдарға арналған Ұжымдық шарт әкімшілік және жұмысшылар ұжымы арасындағы еңбек және әлеуметтік қатынасты реттейтін құқықтық актісі болып табылады. Ұжымдық шарт бас, салалы, өңірлік келісіммен, еңбек заңнамасымен қаралған жұмысшылардың жағдайын ғана сақтамайды, сонымен қатар тұрмыстық жағдайын көтереді.

Ұжымдық шарт еңбекшілердің заңды мүдделерін және әлеуметтік, экономикалық құқықтарын қорғауға, тиімді жұмысты қамтамасыз етуге, ұжымдық шартқа қол қойған екі жақтың өзара жауапкершілігін көтеруге бағытталды. Сонымен қатар еңбек қатынастары, жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбекақы төлеу, әлеуметтік кепілдіктер, еңбек қорғау және қауіпсіздік, жастармен жұмыс, жұмыспен қамту мәселелерін қамтыған екі жақтың өзара міндеттері қаралды.

Ұжымдық шартта еңбек қатынастары, еңбек ақы төлеу, еңбек қорғау және қауіпсіздік саласында міндетті мемлекеттік сияқты қосымша кепілдер де толық көлемде қаралды және орындалуда.

Жеңілдіктерді іске асыратын негізгі бағыттар:

- мерейтой күндеріне байланысты марапаттаулар, зейнеткерлікке шығу кезіндегі бір жолғы жәрдемақы;
- операцияның, операциялық емделудің алдында және кейінгі құнының жартылай төлемі;
- санаториялы-курортты емделуге жеңілдік жолдамаларын беру;
- аз қамтамасыз етілген, көп балалы жұмысшылардың балаларына тегін жолдама;

➤ пеш жылуы бар үйлерде тұратын жұмысшыларды, жұмыс істемейтін зейнеткерлерді және мүгедектерді, шахтерлер жесірлерін жылына бір рет көмірмен қамтамасыз ету;

➤ жұмысшылар мен зейнеткерлерге материалды көмек;

➤ жұмысшылардың және олардың балаларының жоғары және орта оқу орындарында оқуына, жерлеуді ұйымдастыруға, операцияға және тағы басқаларға қарыз бөлу;

➤ өндірісте жұмысшының қайтыс болған жағдайында отбасына салықты есептеусіз он есе жылдық еңбек ақы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы;

➤ МСС анықтамасымен расталған сырттай көмекке зәру I топтағы мүгедекті күтуге ай сайын ҚР белгіленген, аз мөлшердегі еңбекақы төлеу үшін төлем;

➤ өндірісте зардап шеккендерге, егерде ол МСС анықтамасы бойынша оған зәру болып танылса, емделуге, протездеуге және медициналық көмектің өзге де түрлеріне қосымша шығындарды төлеу.

2011 жылдан Ұжымдық шартқа қосымша төленеді:

➤ бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы бойынша бекітілген айлық тарифтің, еңбек мөлшерінің 50 ден 100 пайызға дейін мөлшерде сыйақылар;

➤ «Шахтер күні» кәсіби мерекесі күніне айлық тарифтің, еңбек мөлшерінің 50 пайызды мөлшерде сыйақылар беру;

➤ Компаниядағы еңбек өтіліміне байланысты жұмысшыларға уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақының көбеюі: орта айлық еңбек ақысын төлеу есебінен шыға отыра, одан аспай: 5 жыл өтілім кезінде — айлық есептік көрсеткіштің он бес есе мөлшерінде; 5 жылдан 10 жылға дейін — айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе мөлшерінде; 10 жылдан аса — айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес есе мөлшерінде.

Ұжымдық шартты орындауда Компания бөлімшелерінде әлеуметтік тұрмыстық саланы жақсартуға бағытталған уақтылы жөндеулерді қамтамасыз ету бөлімінде 2013 жылы әлеуметтік саладағы объектілерді абаттандыру және жөндеу жұмыстары жүргізілді:

- «Ковыльная» стансасында ӘТК ғимаратын жөндеу;
- «Березка» асханасының ғимаратын жөндеу («Трудовая» стансасы);
- Омская көшесі бойындағы ТЖЖБ ӘТК ғимаратын косметикалық жөндеу;
- «Богатырская» стансасы ӘТК ғимаратын және кабинеттерін жөндеу;
- «Южная» стансасы (БЖКБ) душ қабылдау ғимаратын жөндеу;
- ТКЖЖ зауытының ғимаратындағы асханаға күрделі жөндеу;
- Компанияның қаладағы офистерінің ғимаратын және қақ маңдайларын жөндеу;
- Спорттық-сауықтыру кешенінің ғимаратын косметикалық жөндеу.

Барлығы 110,0 млн. тенгеден аса сомаға Компанияның әлеуметтік саладағы объектілеріне косметикалық және күрделі жөндеулер жүргізілді.

Компанияда құрушысы жұмыс беруші және еңбек ұжымы болып табылатын екі қор әрекет етуде: «Қоғамдық қор» және «Халық Денсаулығы» қоры.

«Богатырь Көмірдің» Қоғамдық қоры аз қамтылған жұмыс істемейтін зейнеткерлерге және жұмысшыларға, көп балалы отбасыларға, I-III топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға, жалғыз басты аналарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетеді. 2013 жылы қорды ұстауға және әлеуметтік көмекке 53,3 млн. тг аударылды.

«Халық Денсаулығы» Қоғамдық медициналық қоры қорға қатысатын жұмысшылардың және олардың балаларының емделуін төлейді. Компания 2013 жылы медициналық қорға жұмысшылардың емделу құнының жартылай төлеміне, олардың салымдарына қосымша, «қауіп тобы» жұмысшыларының емделуіне, сонымен қатар қорды ұстауға 59,6 млн. тг бөлді.


Жұмыс істейтін жастардың, жас отбасыларының мәселелерін табысты шешу үшін, Компания үшін қатты тапшыл мамандық бойынша жұмыспен оқуды бір мезгілде алмастыратын жұмысшыларға ЖОО оқуын төлеуге бөлінеді;

- баспана алуға 300,0 мың тенгеге дейін мөлшерде пайызсыз қарыздар;

- бала туған кезінде 30,0 мың тг. мөлшерінде пайызсыз қарыз;
- «Жасыбай» демалыс орталығына тегін жолдамалар.

Компанияның қосымша кепілдері мен жеңілдіктерін қосумен әлеуметтік пакеттің құны 500,0 млн. аса теңгені құрайды. Әлеуметтік-тұрмыстық белгілеудегі объектілерді ұстау 2013 жылы 246,3 млн. теңгені құрады.

Диаграммада Ұжымдық шартқа сәйкес әлеуметтік кепілдерге және жеңілдіктерге шығындар құрылымы берілген.



3.5. Жастар саясаты.

2013 жылы жастардан 436 адам жұмысқа қабылданды (30 жасқа дейін), ол дегеніміз жаңадан қабылданғандардың жалпы санынан 72,6 пайызды құрайды, «Богатырь Көмір» ЖШС атаулы шәкіртақысы мен гранттар бойынша оқыту» бағдарламасы бойынша 10 түлек жұмысқа орналастырылды, барлық жас жұмысшыларға оқу орнында тағайындалған біліктілігі бойынша жұмыс ұсынылды.

«Богатырь Көмір» басшылығы, кадр ресурстарының жасарту векторын дамытудың барлық маңыздылығын сезіне отыра, Компанияның жастар саясатын дамытуға және жетілдіруге көп көңіл бөле отыра, кәсіпорын қатарына жастарды тарту бойынша күш салады. Жас жұмысшылардың саны жасы 30-ға дейінгілер 2009 жылы 1,8 есе өсті.

«Богатырь Көмір» ЖШС қатты тапшыл мамандықтың, тау-кен, темір жол, автомобильді, техникалық бағдарлардың жас талантты және дарынды мамандарын жұмысқа тарту және бекіту мақсатында, Жастар бағдарламасы аясында:

- «Оқу орындарының түлектерін қабылдау және жұмысқа қабылдау туралы» Ереже әрекет етуде;
- қатты тапшыл мамандардың тізімі бекітілді және жеңілдіктер қаралды; Компания өндірістен үзбей жоғары және кәсіби білім алуға ниеттенген жұмысшыларды белсенді қолдайды. Оларға ұсынылады:
- төленетін оқу демалыстары, оқуға төлеу үшін пайызсыз несие бөлінеді;
- 2013 жылдың қазанынан бекітілген Ережеге сәйкес баспана алуға (салуға) жас жұмысшыларға пайызсыз қарыздар беріледі.

«Богатырь Көмір» ЖШС жыл сайын «Екібастұз қаласының жұмыспен қамту орталығы» КММ-мен Шарт жасайды және түлектерді жастар практикасына

орналастырады. Соңғы 5 жыл ішінде, 2009 жылдан бастап, 201 адам жастар практикасынан өтті, оның 82-сі тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды.

Аз қамтылған отбасыларды қолдау үшін 2013 жылы Компания жазғы мезгілде Екібастұз қаласындағы тау-кен округіне және құрылымдық бірліктердің ӘТК аумағын жасылдандыру бойынша жұмысқа орта мектептің 8 оқушысын қабылдады. Сонымен қатар «Жасыбай» демалыс орталығындағы уақытша жұмыс орындарына Екібастұз, Ақсу, Павлодар және Баянауылдың оқу орындарының 83 студентін келесі жұмыс мамандықтары бойынша қабылдады: ас үй жұмысшысы, тәрбиешінің көмекшісі, жүк тиеуіштер, қонақ бөлмені жинаушы, қызмет ғимараттарын жинаушы, аула тазалаушы.

2007 жылы Компания оқу орындарының оқушыларына оқуға атаулы шәкіртақы мен гранттар бөлді. Осы кезең ішінде атаулы шәкіртақыны кәсіптік білім берудің 61 оқушысы (36 оқушы №18 Екібастұз колледжінен және 25 оқушы Екібастұз политехникалық колледжінен) алды, грантты 46 адам (21 студент оқытудың күндізгі бөлімінен және оқытудың сырттай түрі бойынша оқып жүрген Компанияның 25 жұмысшысы) алды. Гранттар Екібастұз инженерлі-техникалық институтқа, Павлодар мемлекеттік университетіне, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне, Екібастұз инженерлі-техникалық институтының колледжіне оқушыларға келесі мамандықтар бойынша бөлінді: Маркшейдерлік іс, Пайдалы қазбалардың кен орындарының жер асты өндеу, Геология, Машина құру технологиясы, Автомобильдер және автомобильді шаруашылық.

Қазақстан Республикасы Президентінің «ҚР мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы» № 73 бұйрығын орындауда Компанияда жас мамандармен жұмысшылардың әлеуметтік бейімделуіне және олардың кәсіби тұрғыдан өсуіне себеп болған Бірлескен жастар Қозғалысының Кеңесінің 2012 жылы бекітілген Бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізуді жалғастыруда.

Әр құрылымдық бөлімшелерде, жастар саясатын іске асыру мақсатында, осы тәріздес Кеңестер құрылды және жұмысшы жастардың арасынан БЖҚ қызметін ұйымдастыру бойынша жауапты тұлғалар анықталды. БЖҚ кәсіпорын әкімшілігімен және кәсіподақ комитетімен бірлесіп белсенді жұмыс істей отыра, өз ұстанымдарын бекітеді.

Жастарды біріктіру және олардың шығармашылық күш-қуатын дамытуға көмектесу мақсатында Компанияда дәстүрлі түрде «Күзгі бал», «Өз жұлдызыңды жақ», «КТК» іс-шаралары өткізілуде. Жастар қозғалысының қатысу күшімен Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мерекесін тойлау кезінде және Компанияның еңбек ұжымының басты мерекесі — Шахтер күнінде іс-шаралар өткізілуде. БЖҚ өз ойларын мақала, әңгіме, өлең жолдары арқылы жеткізетін қатысушылардан тұратын құрамнан Ақпараттық бөлім құрылды. Олардың алдына қозғалыс айналасында бұқаралық ақпарат құралдарын құру миссиясы жүктелді, қазірдің өзінде БЖҚ (www.omdbk.kz) веб-сайтының жылжуы жүріп жатыр. Сайт ойлар инкубаторы, іс-шараларды, оқиғаларды талқылау орталығы болып табылады. Мұнда өткен оқиғалар сипатталады және талқыланады, сонымен қатар болатын іс-шаралар туралы ақпарат орналастырылады.

Компанияның спорттық-сауықтыру кешенінде мәдени-бұқаралық жұмыстарды, жастардың бос уақыт қызметін ұйымдастыру және дамыту мақсатымен спорттық іс-шаралар өткізіледі. Компаниядағы жас жұмысшылардың спорттық-сауықтыру кешеніне баруы 30 пайызды құрайды. Жұмысшы жастардың спорттық іс-шараларға қатысуы — 40-45 пайыз.

IV. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК.

4.1. Апатқа қарсы тұрақтылықты қамтамасыз ету.

«Богатырь Көмір» ЖШС өнеркәсіпті қауіпті объект бола тұра, үнемі апатқа қарсы тұрақтылықтың жағдайын қамтамасыз ету және қолдау бойынша жұмыстарын жүргізеді.

Компанияда «Богатырь Көмір» ЖШС қауіпті өндірісінің қауіпсіздігі декларациясы» әзірленді.

Тау-кен жұмыстарын және ТӨҚ КазҒЗИ өнеркәсіптік қауіпсіздігінің өзге де нормаларын қауіпсіз жүргізу жағынан жобалы-техникалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттаманың нормативті келісімі жиі жүргізіледі.

Кәсіпорын объектілерінде апатты және өзге де төтенше жағдайларды ескерту және жою үшін жыл сайын апатты-құтқару және техникалық жұмыстарды орындауға «МӨТҚО» РМҚК ҚР ТЖМ ТЖ және ӨҚ МБК «КӘАҚҚ ОШ» филиалдарымен келісім шарт жасалады. Шарт аясында қаралды:

- кеніш ауасының құрамын, шахтаның тау-кен қазбаларының және өзге де қызмет көрсететін объектілердің шаң жарылғыш қауіпін және шаң басуын, кәсіпорынның жаппай өртке қарсы қорғанудың жағдайын тексеру бойынша жоспарлық жұмыстарды жүргізу;

- арнайы жабдықтаумен және тыныс алуды онашалаудың қорғану құралдарын талап ететін техникалық жұмысты орындау (шахтаның тау-кен қазбаларында бөлшектенетін құрылысын ашу немесе тұрғызу);

- апатты жағдай, өрттер туындаған кезде жұмыстарды орындау, кәріз шахтасында сияқты, ашық тау-кен жұмыстарында да апатты-құтқару жұмыстарын өткізу.

Өндірістік объектілердің барлығында апатты жоюдың тиісті бағдарламалары және жоспарлары әзірленді, «МӨТҚО» РМҚК ҚР ТЖМ ТЖ және ӨҚ МБК «КӘАҚҚ ОШ» филиалының мамандарымен бірлесіп, өртке қарсы және апатқа қарсы жаттығулар өткізіледі.

Кәсіпорында қысым астында жұмыс істейтін жүк көтергіш машиналарды және ыдыстарды қауіпсіз пайдалануды бақылау бойынша топтар құрылды. Ғимараттардың техникалық жағдайына бақылау ұйымдастырылды.

4.2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясат.

Компанияда негізгі принциптері өндірістік жетістіктегі және экономикалық нәтижелердегі адам өмірінің және оның денсаулығының басымдылығы болып табылатын еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат әрекет етуде, ГОСТ 12.0.230-2007 еңбекті қорғауды басқарудың жүйесі, сонымен қатар ҚРСТ OHSAS18001-2008 «Денсаулық және өнеркәсіптік қауіпсіздік менеджментінің жүйесі» табысты енгізілді және әрекет етуде.

